



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ПАСПОРТЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 27 қазан 1993 ж. N 1066. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.08.09. N 1116 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының лауазымды адамдарына дипломатиялық паспорттар беруді реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасының Дипломатиялық паспорты туралы осыған қосылған ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі дипломатиялық паспорттарды беру кезінде осы Ережені қатаң басшылыққа алатын болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 27 қазандағы
N 1066 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының дипломатиялық паспорты туралы

ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасының дипломатиялық паспорты Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасынан тысқары шыққан, Қазақстан Республикасынан тысқары жерде тұрған және Қазақстан Республикасына келген кезінде оның жеке басын куәлендіретін құжат болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының дипломатиялық паспорты әлемнің барлық мемлекетіне Қазақстан Республикасынан шығу үшін жарамды.

3. Қазақстан Республикасы дипломатиялық паспортының үлгісін Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің табыс етуі бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

4. Дипломатиялық паспорт 5 жыл мерзімге беріледі.

5. Дипломатиялық паспорт осы Ережеге қосымшада көрсетілген лауазымды адамдарға беріледі.

6. Дипломатиялық паспортты Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің консулдық қызметі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шет елдегі дипломатиялық және консулдық мекемелері осы ережеге сәйкес береді.

7. Дипломатиялық паспортты бар адамдармен бірге бара жатқан ерлі-зайыптыларға, 18 жасқа дейінгі балаларға да дипломатиялық паспорт беріледі. 16 жасқа дейінгі балалар ата-аналарының бірінің паспортына жазылып қ о я д ы .

8. Дипломатиялық паспорт шет елде жоғалған жағдайда бұл жайында паспорт иесі Қазақстан Республикасының консулдық мекемесіне, ал егер республика аймағында жоғалған болса - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне дереу мәлімдеуге міндетті.

Жоғалған паспорттың орнына жаңасын беру оның жоғалуы туралы хабар тексерілгеннен кейін жүргізіледі.

9. Дипломатиялық паспортты беру үшін ақы төлеттірмейді.

10. Дипломатиялық паспорттардың бланкілері қатаң түрде есеп беретін құжат болып табылады. Олар Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің өтінімі бойынша жасалады.

Дипломатиялық паспорттарды есепке алуды, сақтауды және жоюды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады.

11. Азаматтар шет елдегі сапардан қайтып оралғаннан кейін дипломатиялық паспорттар бір апталық мерзімде Сыртқы істер министрлігіне тапсырылуға тиіс. Паспорттар өткізілгеннен кейін олардың сақталуы үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктеледі.

12. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі дипломатиялық паспорттардың жаңа үлгілері халықаралық қоғамдастыққа табыс етілуін қ а м т а м а с ы з е т е д і .

ЕСКЕРТУ: Қазақстан Республикасының дипломатиялық паспорттары жасалып, айналымға қабылданғанға дейін бұрынғы КСР Одағының Қазақстан Республикасының азаматы екендігі туралы белгісі бар дипломатиялық паспорты жарамды деп саналсын.

ҚОСЫМША

Ескерту. Өзгертулер енгізілді - ҚРМК-нің 13.12.1994 ж. N 1407 қаулысына сәйкес.

Дипломатиялық паспорт берілетін
лауазымды адамдардың

ТІЗБЕСІ

Қазақстан Республикасының Президенті
Қазақстан Республикасының Вице-президенті
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі
Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Төрағасының орынбасарлары,
Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасарлары
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшілері
Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі мен Мемлекеттік саясат
жөніндегі Ұлттық кеңесінің хатшылары
Қазақстан Республикасының Президенті Аппаратының Басшысы, Жоғарғы
Кеңесі Аппаратының Басшысы және Министрлер Кабинетінің Іс Басқарушысы
Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-президентінің, Жоғарғы Кеңесі
Төрағасының және Премьер-министрінің кеңесшілері
Қазақстан Республикасының Президенті Аппараты Басшысының және
Министрлер Кабинеті Іс Басқарушысының орынбасарлары
Қазақстан Республикасы Президентінің, Жоғарғы Кеңесі Төрағасының және
Премьер-министрінің баспасөз хатшылары
Қазақстан Республикасының Президенті, Вице-президенті, Жоғарғы Кеңесі
Төрағасының және Премьер-министрі секретариаттарының меңгерушілері мен
к о м е к ш і л е р і
Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіндегі Қазақстан Республикасы
Президентінің жеке өкілдері мен Премьер-министрінің өкілдері, Қазақстан
Республикасы Президентінің аймақтардағы өкілдері тобының басшысы
Қазақстан Республикасының Президенті Аппаратының, Жоғарғы Кеңесі
Аппаратының және Министрлер Кабинеті Іс Басқармасының бөлім
м е н г е р у ш і л е р і
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы мен мүшелері
Қазақстан Республикасының Бас прокуроры мен оның бірінші орынбасары
Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының төрағасы мен мүшелері
Қазақстан Республикасы Жоғарғы төрелік сотының төрағасы мен мүшелері
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің халық депутаттары
Қазақстан Республикасының министрлері, мемлекеттік комитеттерінің
төрағалары мен олардың бірінші орынбасарлары
Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Бас бақылау
инспекциясы мен Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі
мемлекеттік комитетінің төрағалары
Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері мен олардың
бірінші орынбасарлары
Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы
комитеттердің (комиссиялардың), бас басқармалардың, агенттіктердің бірінші
б а с ш ы л а р ы
"Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясының,

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық патенттік ведомство мен Емдеу-сауықтыру бірлестігінің, Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіп палатасының, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Шаруашылық басқармасының бірінші басшылары

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының, Қазақтың ауыл шаруашылығы академиясының және Инженерлік академиясының президенттері, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Стратегиялық зерттеулер институтының директоры

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің төрағасы және оның орынбасары, мемлекеттік Экспорт-импорт банкі мен Қазақстанның мемлекеттік даму банкі басқармаларының төрағалары, Орталық Азия ынтымақтастық және даму банкінің президенті

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскер түрлерінің қолбасшылары

Қазақстан Республикасының Президенті Аппаратының, Жоғарғы кеңесі Аппаратының және Министрлер Кабинеті Іс Басқармасының халықаралық қатынастар саласында (Қазақстан Республикасының Президенті Аппаратының Халықаралық бөлімінде, Жоғарғы Кеңесі Аппаратының Халықаралық байланыстары Протокол бөлімінде, Министрлер Кабинеті Іс Басқармасының Сыртқы байланыстар және ТМД істері жөніндегі бөлімдерінде) жұмыс істейтін жауапты қызметкерлері

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық қызметкерлері мен дипломатиялық курьерлері

Халықаралық ұйымдардағы Қазақстан Республикасы өкілдіктерінің лауазымы дипломатиялық лауазымдарға теңестірілген қызметкерлері

Қазақстан Республикасының шетелдегі сауда өкілдері, Қазақстан Республикасының шетелдегі сауда өкілдіктерінің кеңесшілері мен атташелері

Әскери атташелер, әскери-әуе атташелері, әскери-теңіз атташелері мен олардың көмекшілері

Қару-жарақты шектеу және қысқарту саласында Қазақстан Республикасы қол қойған халықаралық шарттарға сәйкес, сондай-ақ Европадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңес шеңберінде өз міндеттерін орындаушы инспекциялық топтардың мүшелері

Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-президентінің, Жоғарғы Кеңесі Төрағасының, Премьер-министрінің күзет бастықтары Шетелдік сапарға шығатын Қазақстан Республикасының ресми мемлекеттік және үкімет делегацияларының мүшелері Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейтін адамдар

қызметінен кеткен жағдайда Қазақстан Республикасының дипломатиялық

паспортын пайдалану құқығы мына адамдарға қалдырылады:

Қазақстан Республикасының Президенті

Қазақстан Республикасының Вице-президенті

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі

ЕСКЕРТУ. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.06.05.

N 702 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20.

N 1031 қаулысымен .